

С.К. Жантйкеев¹, Д.А. Жансерикова^{2*}
Г.Б. Капбасова², Р.А. Молдабаева²

¹«Тұран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан

²Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: zhantikeev_serik@mail.ru, dibis68@mail.ru, kargu_ps@mail.ru, rosa_ros@mail.ru)

Жаттықтырушы тұлғасының психологиялық ерекшеліктері

Аңдатпа. Мақалада жаттықтырушы мен спортшының өзара байланысты іс-әрекеттерінің психологиялық аспектілері, яғни жаттықтырушының жеке ерекшеліктері, мінез-құлқы мен педагогикалық іс-әрекеті, спортшының жағдайының спорттық нәтижеге әсері, спортшының психологиялық дайындығы психикалық процестердің ағымына, жеке тұлғасының күйіне, тұтастай алғанда спорттық іс-әрекет саласында нақты бәсекелестікке байланысты қажетті әрі мақсатты әсерді зерттеу мәселелерін нақтылау, жүйелеу принциптерін басшылыққа ала отырып, әлеуметтік психология саласындағы шетел және отандық ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты теориялық шолу жасау барысында әдіснамалық тұрғыда негізделеді.

Сонымен бірге, жаттықтырушының жеке тұлғасының психологиялық ерекшеліктерінің әсері, «жаттықтырушы – спортшы» жүйесіндегі дұрыс таңдалған тұлғааралық қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу стилі, жаттықтырушы адамның оқушылардың қызығушылығын, назарын, еңбекқорлығын, ынтасын, күнделікті спорттағы шығармашылығын және максималды әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға әсер ететін қабілеттері мен кәсіби құзыреттілігі қарастырылады.

Алайда, спорттық жаттығулар процесінде командада тұлғааралық жағымды қатынасты қалай қалыптастыруға болады, қақтығыстық жағдайдан қалай шығу керек, спортшылардың мотивациясының жетістікпен қалыптасуына әсер ететін жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылдыратын әлеуметтік-психологиялық жағымды ахуалға қалай қол жеткізуге болады деген сұрақтарға жауап эмпирикалық зерттеуді ұйымдастыру барысында алынған мәліметтерге сандық және сапалық талдау негізінде анықталып, спорттық іс-әрекет саласында жетістікке жетуге бағытталған нақты практикалық ұсыныстар беріледі.

Мақалада жаттықтырушы мен спортшының өзара байланысты іс-әрекеттерінің психологиялық аспектілері, яғни жаттықтырушының жеке ерекшеліктері, мінез-құлқы мен педагогикалық іс-әрекеті, спортшының жағдайының спорттық нәтижеге әсері, спортшының психологиялық дайындығы психикалық процестердің ағымына, жеке тұлғасының күйіне, тұтастай алғанда спорттық іс-әрекет саласында нақты бәсекелестікке байланысты қажетті әрі мақсатты әсерді зерттеу мәселелерін нақтылау, жүйелеу принциптерін басшылыққа ала отырып, әлеуметтік психология саласындағы шетел және отандық ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты теориялық шолу жасау барысында әдіснамалық тұрғыда негізделеді.

Сонымен бірге, жаттықтырушының жеке тұлғасының психологиялық ерекшеліктерінің әсері, «жаттықтырушы – спортшы» жүйесіндегі дұрыс таңдалған тұлғааралық қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу стилі, жаттықтырушы адамның оқушылардың қызығушылығын, назарын, еңбекқорлығын, ынтасын, күнделікті спорттағы шығармашылығын және максималды әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға әсер ететін қабілеттері мен кәсіби құзыреттілігі қарастырылады.

Алайда, спорттық жаттығулар процесінде командада тұлғааралық жағымды қатынасты қалай қалыптастыруға болады, қақтығыстық жағдайдан қалай шығу керек, спорт-

шылардың мотивациясының жетістікпен қалыптасуына әсер ететін жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылдыратын әлеуметтік-психологиялық жағымды ахуалға қалай қол жеткізуге болады деген сұрақтарға жауап эмпирикалық зерттеуді ұйымдастыру барысында алынған мәліметтерге сандық және сапалық талдау негізінде анықталып, спорттық іс-әрекет саласында жетістікке жетуге бағытталған нақты практикалық ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: жаттықтырушы тұлғасы, спортшы, психолог, жаттықтырушы іс-әрекеті, педагогикалық іс-әрекет, психологиялық құрылым, кәсіби құзыреттілік.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-14-4-421-430>

Кіріспе

Қоғамның мәдениет деңгейі көбінесе адамның жеке қабілеттерін дамыту, ашу және пайдалану дәрежесімен анықталады. Сонымен қатар, жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар жүйесінде басты құрамдас бөліктердің бірі әртүрлі жас кезеңдерінде, әсіресе өмірдің бірінші жартысында барлық басқа құндылықтарды игеру мүмкіндіктерін анықтайтын бүкіл халықтың денсаулығы мен дене шынықтыру деңгейі болып табылатындығын атап өту өте маңызды.

Қазіргі уақытта дене шынықтыруды қоғамдық және жеке құндылық ретінде түсіну арты, бұл қоғамдық пікірді дамытудың жаңа тенденцияларын және дене шынықтыру құндылықтарын игеруге жеке мотивацияларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Спорттық дайындықтың психологиялық ерекшеліктері, бұл ең алдымен - жеке спортшыны немесе спортшылар тобын одан әрі дамыту мен жетілдіруге көмектесу. Сонымен қатар, жаттықтырушының тұлғасының маңызды факторларының бірінің сипатын және оның оқушыларында жағымды мінез-құлық қасиеттерін, тұрақты психоэмоционалды, моральдық-еріктік қасиеттерді қалыптастыруға әсерін, спортпен шұғылдануға жоғары мотивацияны қажет ететін ұйымдастырылған процесс екендігін түсіну қажет.

Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан жоғары жетістіктер спортында «жаттықтырушы – спортшының» өзара әрекеттесуі

«жұптың» жұмысының мысалы ретінде қарастырылып, онда ресми көшбасшы әрқашан жаттықтырушы болып табылады. Спорттағы жоғары жетістіктер әртүрлі аспектілерге, мысалы: спортшының физикалық даму деңгейіне, қабілеттері, ерік-күші және т.б. байланысты.

Нақты мақалада қарастырылатын мәселесі кіріспесі, жаттықтырушының жеке тұлғасының психологиялық ерекшеліктерінің әсері, «жаттықтырушы – спортшы» жүйесіндегі тұлғааралық қарым-қатынас стилі, жаттықтырушы адамның оқушылардың қызығушылығын, назарын, еңбекқорлығын, ынтасын, күнделікті спорттағы шығармашылығын және максималды әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға әсер ететін қабілеттерін зерттеуден басталады. Жаттықтырушы адамның тұлғасы спортшысының қалыптасуында тікелей маңызды болғандықтан, дұрыс таңдалған өзара әрекеттесу стилі көшбасшы қызметіндегі сәттіліктің кепілі болып табылады («жаттықтырушы – спортшы» жүйесі көшбасшы мен бағыныштының өзара әрекеті ретінде қарастырылады).

Мазмұны мен мақсаттары бойынша жаттықтырушы іс-әрекеті педагогикалық жұмыс. Алайда, оның құрылымы мен компоненттік құрамы бойынша жаттықтырушы ұйымдастырушылық қызметтің көптеген сипаттамаларын орындайды, оның тәрбиелік әсерін асыра бағалау қиын, өйткені жаттықтырушы спортшыға тек жаттығу және спорттық жаттығу әдістерімен ғана емес, сонымен бірге

өзінің жеке басының әлеуметтік - психологиялық қасиеттері мен қабілеттерінің көптүрлігіменде әсерін тигізеді [1].

Кәсіби спортшының сәтті өнер көрсетуі тек жоғары физикалық, психологиялық және техникалық - тактикалық дайындыққа ғана емес, сонымен қатар жаттықтырушының жеке басының кәсіби құзыреттілігі мен кәсіби бағытына байланысты деп санаймыз.

Өзектілігіне қарамастан, бұл проблема отандық және шетелдік әлеуметтік психологияда жеткіліксіз зерттелген. Осыған сәйкес біздің зерттеуіміздің объектісі жаттықтырушының тұлғасы, ал зерттеу пәні ретінде жаттықтырушы тұлғасының психологиялық ерекшеліктері болды.

Зерттеу мақсаты – тиімді жаттықтырушы тұлғасының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу мақсатына жету үшін келесі міндеттер тұжырымдалды:

1. Тиімді жаттықтырушының жеке қасиеттерін зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерге теориялық талдау жүргізу.
2. Жаттықтырушының жеке басының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу әдістері

Жаттықтырушының жеке басын зерттеу 20 ғасырдың ортасында басталды. Бұл мәселенің зерттеу әдістері әлеуметтік психология саласындағы шетел және отандық ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты теориялық шолу жасау барысында әдіснамалық тұрғыда негізделді.

Англияда 60-жылдардың соңында ағылшын Хендри тиімді жаттықтырушыға қажет жеке ерекшеліктерді анықтауға тырысты және ол үшін спортшылар мен жаттықтырушылардан сұхбат алды. Огилви мен Татко жаттықтырушының мінезінің ерекшеліктерін зерттеді. Ал, жаттықтырушының тұлғасын зерттеуге М.Мосстон, Джон Лой, Джон Вуден, Барри Хуссман, Нил және басқа да бірқатар шетелдік психолог ғалымдар үлкен үлес қосты [2].

Спорттық психология саласындағы шетелдік зерттеулердің талдауы көрсеткендей, спортшыны дайындаудағы жаттықтырушының рөліне қызығушылық танытқанына қарамастан, оның кәсіби қызметінің көптеген аспектілері зерттелмеген күйінде қалады.

«Жаттықтырушы – спортшы - психолог» жүйесіндегі жетістікпен өзара әрекеттесу осы жүйенің әр мүшесін жан-жақты зерттегенде ғана мүмкін болады.

Жаттықтырушы тұлғасының педагогикалық іс-әрекетінің ерекшеліктерін Г.Д.Бабушкин; Е.Д.Белова, И.С.Дятловская; А.А.Деркач, А.А.Исаев; Я.А.Корх; А.А.Лалаян; Г.В.Ложкин; Г.И.Метельский, М.В.Саная және т.б. зерттеді. Оның психоқұрылымы өңделіп, көпфункционалды сипаты талданды, әртүрлі спорт түрлерінің мысалында дидактикалық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, жобалау іскерліктері, педагогикалық және кәсіби маңызды қасиеттер, жеке іс-әрекет стилі мен басшылық стилі, жеке тұлғаның типологиясы мен жаттықтырушының педагогикалық шеберлігі мен дағдыларының негізін құрайтын басқа да аспектілері зерттелді [3].

Психологтар тек спортшылардың ғана емес, жаттықтырушылардың да психикалық күйін зерттеу қажеттілігіне назар аударды (Р.К.Арутюнян, 1974; Ю.Я.Киселев, 1974; Б.Д.Кретти, 1979; А.А.Лалаян, 1975; Р.Мартенс, 1983; Д.В.Попов, 2001 және т.б.). Жаттықтырушының психикалық күйін және олардың спортшының жағдайы мен спорттық нәтижесіне әсер ету ерекшеліктерін зерттеу өте өзекті. Ю.Я.Киселев (1974) жаттықтырушының жағдайын зерттеу қажеттілігін келесідей негіздеді: «бұл өте маңызды болып көрінеді, біріншіден, жаттықтырушыда тірі адам болғандықтан, оның қызметін оңтайландыру керек, екіншіден, эмоционалды теріс байланыстардың болу қаупі бар» деген анықтама берілді.

Жаттықтырушының психологиялық дайындығының ерекшеліктерін зерттей отырып, отандық ғалымдар Е.В.Мельник, Е.В.Силич, Н.В.Кухтова жаттықтырушының психологиялық дайындық процесінің келесі міндеттерін белгіледі:

- жаттықтырушының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру;
- жаттықтырушының психологиялық мәдениетін жоғарылату;
- жаттықтырушының педагогикалық іс-әрекетіне мотивацияны қалыптастыру;
- жаттықтырушы тұлғасының кәсіби маңызды сапаларын жетілдіру;
- жаттықтырушы іс-әрекетінің индивидуалды стилін қалыптастыру;
- қолайсыз психикалық күйлерді реттеу іскерліктерін қалыптастыру;
- жаттықтырушының іс-әрекетіндегі «эмоционалды жанып кетудің» алдын алу;
- «жаттықтырушы - спортшы», «жаттықтырушы - жаттықтырушы», «жаттықтырушы - ата-ана», «жаттықтырушы - психолог» және т.б. жүйелердегі қолайлы қарым-қатынастарды қалыптастыру [4].

А.А. Лалаян (1981) жаттықтырушы қолданатын спортшының психологиялық дайындығының басым түрі арқылы жаттықтырушының іс-әрекетін сипаттайды. Спортшының психологиялық дайындығы оны даярлаудың жалпы құрылымының маңызды бөлігі, психикалық процестердің ағымына, оның жеке тұлғасының күйіне және ерекшеліктеріне тұтастай алғанда спорттық іс-әрекет саласында да, әр нақты бәсекелестікке байланысты да қажетті әрі мақсатты әсер етеді. Көрсетілген критерий бойынша (психологиялық дайындықтың басым түрі) жаттықтырушылар келесі типтерге бөлінеді:

жаттықтырушы - жаттығуды ұйымдастыру және оны басқару шебері;

жаттықтырушы - жарыстарға дайындық және жарыстар процесінде спортшыларды басқару шебері;

жаттықтырушы - универсал.

жаттықтырушы - жаттығуды ұйымдастыру және оны басқару шебері.

Психологиялық дайындық жоспары жалпы психологиялық дайындық негіздерін қолдануды көрсетеді және келесі міндеттерді анықтайды:

* спортшының психологиялық сипаттамасын құрастыру;

* психологиялық дайындықты жоспарлау;

* спортшыны жалпы психологиялық дайындық тәсілдері мен құралдарына үйрету;

* күнделікті көмек көрсету және жалпы психологиялық дайындық бағытындағы ұсыныстардың орындалуын бақылау.

Жаттықтырушы - жарыстарға дайындық және жарыстар процесінде спортшыларды басқару шебері. Психологиялық дайындық әр нақты жарысқа қажет, ол сонымен қатар бірқатар мәселелерді шешуді қарастырады:

* жарысқа психологиялық дайындыққа оң көзқарасты қалыптастыру;

* спортшыны психологиялық дайындықтың тиімді құралдары мен тәсілдеріне үйрету;

* спортшыға психологиялық дайындықтың нақты құралдарын таңдауға көмектесу;

* жаттықтырушыға қойылған міндеттерді дұрыс шешуге, таңдалған қаражаттың тиімділігін анықтауға көмектесу;

* спортшыға тікелей жарыс кезінде көмектесу.

Жаттықтырушы – универсал. Нақты типтегі жаттықтырушы жаттығуды ұйымдастыру және басқару, жарыстарға дайындық және спортшыларды жарыстарда басқару шебері. Бірдей жетістікпен ол жалпы психологиялық дайындық пен белгілі бір бәсекелестікке психологиялық дайындық негіздерін қолданады. Үшінші тип ең құнды болып саналады, себебі ол жаттығу мен бәсекеге қабілетті дайындық пен басқарудың шеберлігін үйлесімді түрде қолданады. Таза түрдегі ерекше типтер сирек кездеседі, көбінесе біз осы немесе басқа сапалардың басым болуымен анықтаймыз [5].

Жаттықтырушының кәсіби іс-әрекетке психологиялық дайындығы педагогикалық міндеттерді (білім беру және тәрбие функцияларын тарату) шешуге жеке дайындығы және қабілеттілігімен шарттасқан, психикалық қайтақұрулар (тұлға процестері, қасиеттері мен күйлері) жүйелерінің қалыптасу процесі болып табылады [6].

Талқылау

Осы мәселе бойынша теориялық дереккөздерді талдауға сүйене отырып, біз жаттықты-


рушының жұмысында өзінің дербес эмоционалды күйдің сыртқы көрінісінде ұстамдылық үлкен мәнге ие деген қорытындыға келдік. Жарыс кезінде спортшы барлық сыртқы әсерлерге өте сезімтал, ал күйзеліске ұшыраған жаттықтырушының түрі команда мүшелерінің, жарысқа қатысушылардың және т.б. жағымсыз реакцияларын тудыруы мүмкін. Спорттық жаттығулар процесінде командада тұлғаарлық жағымды қатынасты қалай қалыптастыруға болады, қақтығыстық жағдайдан қалай шығу қажет, спортшылардың мотивациясының жетістікпен қалыптасуына әсер ететін, жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылдыратын әлеуметтік-психологиялық ахуалға қалай қол жеткізуге болады деген сұрақтарға жауап таба білу маңызды болып табылады. Жаттықтырушы тұлғасының кәсіби маңызды сапаларымен қатар, осы сапаларды қалыптастыру жолдары бізге ерекше қызықты болып көрінді және бұл осы зерттеу мәселесін таңдауға әкелді.

Зерттеу мақсатына сәйкес әдістемелер таңдалып, сыналушылар таңдамасы белгіленді. Біз әртүрлі спорт түрлерімен шұғылданып жаттықтырушылармен тест өткіздік. Сыналушылар ретінде әртүрлі спорттық біліктіліктегі 20 адам қатысты. Олардың ішінде: 11 - жоғары санаттағы жаттықтырушылар, 7 - I санатың, 4 - II санатың иегерлері.

Зерттеуді ұйымдастыру барысында алынған мәліметтерге сандық және сапалық талдау мен нәтижелері төменде суреттеледі.

Нәтижелер

Копинг-стратегияларын анықтауға арналған тест жүргізу нәтижесінде (Сурет 1) біз респонденттердің ең көп саны (40%) проблемаға байланысты жағымсыз тәжірибелерді жаттықтырушылар тұлғалық өсу үшін ынталандыру ретінде қарастыруы, яғни жағымды (оң) қайта ой елегінен өткізу есебінен еңсеретінін анықтадық. Бұл проблемалық жағдайды үстірт, философиялық түсінуге, оны өзің-өзі дамыту бойынша жеке тұлғаның жұмысының кең контекстіне енгізуге бағытталған сипат. 15% - мәселені сыртқы (әлеуметтік) ресурстарды тарту, ақпараттық, эмоционалдық және әрекеттік қолдау іздеу есебінен шешеді. Басқа адамдармен өзара әрекеттесуге, қолдауды, назар аударуды, кеңесті, жанашырлықты, нақты тиімді көмекті күтуге бағытталған сипатқа ие. Респонденттердің келесі 15% - қиындықтарға байланысты теріс күйлерді бастан кешіреді: проблеманы жоққа шығару, қиялдау, негізсіз үміттер, алаңдаушылық және т.б. 20% - жағдайды және ықтимал мінез-құлық нұсқаларын мақсатты талдау, проблеманы шешу стратегиясын әзірлеу, объективті



Сурет 1. Копинг-стратегияны анықтауға арналған тест


Ч.Д. Спилбергер әдістемесі бойынша жаттықтырушыларды зерттеу нәтижелері

Көрсеткіштер	Жоғары деңгей		Орта деңгей		Төмен деңгей	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%
Тұлғалық мазасыздану	14	70	5	25	1	5
Реактивті мазасыздану	8	40	7	35	5	25

жағдайларды, өткен тәжірибені және қолда бар ресурстарды ескере отырып, өз іс-әрекеттерін жоспарлау есебінен проблемаларды еңсереді. Жаттықтырушылардың ең аз саны (5%) проблемаға байланысты жағымсыз тәжірибелерді оның маңыздылығы мен оған эмоционалды қатысу деңгейінің субъективті төмендеуіне байланысты жеңді. Бұл респонденттерге рационализацияның интеллектуалды әдістерін қолдану, зейін аудару, шеттеу, әзіл, құнсыздану және т.б. тән. Мәсемен байланысты теріс күйлердегі мақсатты түрде эмоцияларды басу мен тежелуі респонденттердің 5% анықталды, бұл олардың жағдайды қабылдауға және мінез-құлық стратегиясын таңдауға, мінез-құлықты жоғары бақылауға және өзін-өзі басқаруға деген ұмтылысының төмендеуімен сипатталады.

Мазасыздық деңгейін анықтауға арналған зерттеу Ч.Д. Спилбергер, Ю.Л. Ханниннің «Реактивті және тұлғалық мазасыздық деңгейін бағалау шкаласы» әдісін қолдана отырып жүргізілді, нәтижесінде біз келесі мәліметтерді анықтадық (1 кесте): сауалнамаға қатысқан жаттықтырушылардың 70% - ында тұлғалық мазасыздықтың жоғары деңгейі байқалады. Мазасыздықтың жоғары деңгейі тән адамдарға сенімділік пен жетістік сезімдерін қалыптастыруы керек екенін ескеру қажет.

Олар сыртқы талаптан, категориялықтан, міндеттерді қоюдағы жоғары маңыздылықтан басқа, өз назарларын іс-әрекеттің мазмұнын түсінуге және ішкі міндеттерді нақты жоспарлауға ауыстыруы керек. Мазасыздықтың төмен деңгейі тән адамдар үшін (5%) керісінше, белсенділікті ояту, іс-әрекеттің мотива-



Сурет 2. Спортшылардың психологиялық дайындығына жаттықтырушының қатынасы

циялық компоненттеріне баса назар аудару, қызығушылықты ояту, белгілі бір мәселелерді шешуде жауапкершілік сезімін көрсету қажет.

Орташа реактивті мазасыздық деңгейінен айтарлықтай ауытқулар респонденттердің 40% - ында байқалады және ерекше назар аударуды қажет етеді, өйткені жоғары мазасыздық адамның құзыреттілігін бағалау жағдайында қорқыныш күйінің пайда болу тенденциясын білдіреді.

Бұл жағдайда нақты міндеттерді шешу маңыздылығының субъективтіліктілігін азайту қажет, іс-әрекетті түсінуге және жетістікке деген сенімділік сезімін қалыптастыруға баса назар аудару керек.

Төмен деңгейдегі реактивті мазасыздық (5%), керісінше, жауапкершілік сезімін арттырып, іс-әрекеттің мотивтеріне ерекше назар аударуды қажет етеді. Бірақ кейде жоғары мазасыздық деңгейі тән тұлға үшін өте төмен мазасыздық деңгейі өзін «жақсы жағынан» көрсетуге ұмтылдырады, мақсат етеді.

Жаттықтырушының спортшылардың психологиялық дайындығына қатынасын зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді талдай отырып, біз респонденттердің 50 %, яғни көпшілігі психологиялық дайындыққа жағымды (оң) көзқараспен қарайтындығын анықтадық, бұл спортшының немесе жаттықтырушының психологпен өзара әрекеттесуге жақсы дайындығын, сонымен қатар олардың психологтың мүмкіндіктері туралы хабардарлығын және қажет болған жағдайда спорттық іс-әрекетте туындайтын мәселелерді өз бетінше шеше алатындығын көрсетеді. Психологиялық дайындыққа деген көзқарастың жоғары дәрежесі (25%) маман тарапынан психологиялық көмекке гипертрофиялық қажеттілікті, маңызды психологиялық проблемалардың болуын, сондай-ақ диагностикалық маңызы бар психологпен өзара тәуелді қарым-қатынас тенденциясын көрсетеді.

Сыналушылардың 25% спортшылардың психологиялық дайындығына теріс көзқарас анықталды, бұл жаттықтырушылардың нақты спорттық нәтижелерге қол жеткізудегі психологиялық факторлардың рөлі мен маңыз-

дылығы туралы жеткіліксіз хабардар болуын көрсетуі мүмкін.

Қорытынды

Жалпы, нақты мәселені эмпирикалық зерттеу қорытындылары, жаттықтырушылардың көпшілігінде проблемаға байланысты жағымсыз тәжірибелерді жеңу, оны оң қайта қарастыруы мен оны жеке өсуге ынталандыру стимулы ретінде қарастыруы - спортшылардың психологиялық дайындығына деген жағымды қатынастарының қалыптасқанын байқатады.

Проблемалық жағдайды жеке тұлғаға, философиялық түсінуге бағдарлау, оны өзін-өзі дамыту бойынша жеке тұлғаның жұмысының кең контекстіне қосумен қатар, сонымен бірге тұлғалық мазасыздықтың жоғары деңгейі тән.

Практикалық жұмыс тәжірибесі жаттықтырушы мен спортшының көпжылдық дайындық процесінде өзара қарым-қатынасын ескере отырып, келесі әдістемелік ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік берді.

1.1. Қазіргі заманғы спорт жаттықтырушының ерекше қабілеттерін қажет етеді. Ол қазіргі заманғы білімнің барлық арсеналына ие болуы керек, спортшыны даярлаудың психологиялық, әлеуметтік, материалдық-техникалық және басқа аспектілерін ескеруі керек. Спортшылардың жетістіктері көбінесе жаттықтырушының тұлғасына тәуелді, әсіресе оның білімі, педагогикалық таланты, беделі, ерік-жігері, шығармашылық жалпылау, талдау қабілеттеріне байланысты. Шын мәнінде, жаттықтырушы – бұл, ең алдымен педагог және оған кез-келген тәрбиешіге қойылатын барлық талаптар қойылады.

1.2. Жаттықтырушының шеберлігі көбінесе оның спортшылармен өзара қарым-қатынасына өзіндік ерекшелік беретін, әртүрлі дағдыларды игеру жылдамдығы мен дәрежесін анықтайтын қасиеттерімен анықталады. Атап айтқанда, дүниетаным, адамгершілік, коммуникативтік қабілет пен жаттықтырушының ерік-күші, зияткерлігі жаттықтырушы тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттері болып табылады.

1.3. Жаттықтырушы мен спортшылар арасындағы қарым-қатынаста көп нәрсе жаттықтырушының мінез-құлқына байланысты. «Мінсіз жаттықтырушының» қасиеттері туралы түсінік жаттықтырушылар мен тәлімгерлер арасында әртүрлі болады. Біріншіден, педагогтың іскерлік және кәсіби қасиеттеріне (эрудиция, талапшылдық, қаталдық, қиын жағдайларды шешудің оңтайлы жолдарын таба білу) назар аударады. Сезімталдықты, жауапкершілікті, сыпайылықты, ізгі ниетті жаттықтырушылар да атап өтеді, бірақ оларға шешуші мән берілмейді. Ал, оқушылар, керісінше, осы қасиеттерді бірінші орынға қояды. Алдымен спортшылар «ол қандай адам» екенін көреді, содан кейін жаттықтырушының жаттығуды қалай жүргізетініне назар аударады.

1.4. Жаттықтырушының басқару стилі оның жеке тұлғалық қасиеттерімен; жаттықтырушының мінез-құлқымен, дауыс тонымен, бұйрықтарды қалай беретіндігімен, сыртқы келбетімен; қажеттілігімен, бұйрықтардың

ұтымдылығымен және уақтылығымен; спортшылардың психикалық жай-күйімен шарттасады.

2. Жаттықтырушының кәсіби шеберлігін арттырудың бірнеше жолы бар. Кәсіби шеберлікті арттыру - бұл жаңа білім мен дағдыларды мақсатты түрде игеру, озық тәжірибені үйрену. Кәсіби қызметтің үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына сәйкес кәсіби жетілдіру - бұл біліктілікті арттырудың негізгі мазмұны. Олардың бірі әртүрлі курстарда біліктілікті арттырудан, семинарларға, әдістемелік кеңестерге қатысудан және өзін-өзі жетілдіру, тәжірибелі жаттықтырушылар өткізетін жаттығуларға қатысу, талдау т.б. тұрады.

Алайда, бұл жұмыс спорттық іс-әрекет саласында да, әр нақты бәсекелестікке байланысты жетістікке жетуге бағытталған нақты практикалық ұсыныстарды анықтау үшін жаттықтырушы тұлғасының спортшыға әсер етуінің психологиялық механизмдерін зерттеуге бағытталған үлкен зерттеудің бастамасы ғана.

Әдебиеттер тізімі

1. Кретти Браينت Дж. Психология в современном спорте. – Москва: Физкультура и спорт, 1998. – 224 с.
2. Ильин Е.П. Психология спорта. – Санкт-Петербург: Питер, 2009. – 352 с.
3. Бабушкин Г.Д. Психология труда тренера по спорту: Учеб. пособие. – Омск: ОГИФК, 1985. – 85 с.
4. Мельник Е.В., Силич Е.В., Кухтова Н.В. Психология тренера: теория и практика. – Витебск: ВГУ имени П.М. Машерова, 2014. – 55 с.
5. Горбунов Г.Д. Психопедагогика спорта. – Москва: «Физкультура и спорта», 1996. – 208 с.
6. Фролова М.И. Социально-психологические компоненты модели эффективного тренера // Теория и практика физ. культуры. – 1991. – № 3. – С. 11-15.

С.К. Жантикеев¹, Д.А. Жансерикова², Г.Б. Капбасова², Р.А. Молдабаева²

¹Университет «Туран-Астана», Астана, Казахстан

²Карагандинский университет имени Академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Психологические особенности личности тренера

Аннотация. В статье уточняются вопросы изучения психологических аспектов взаимосвязанных действий тренера и спортсмена, т. е. личностных особенностей, поведения и педагогической деятельности тренера, влияния состояния спортсмена на спортивный результат, психологической готовности спортсмена в зависимости от течения психических процессов, состояния его личности, конкретной кон-

курении в области спортивной деятельности в целом, руководствуясь принципами систематизации, методологически обосновывается в ходе всестороннего теоретического обзора работ зарубежных и отечественных ученых в области социальной психологии.

Вместе с тем, рассматриваются влияние психологических особенностей личности тренера, правильно подобранный стиль межличностного общения и взаимодействия в системе «тренер – спортсмен», способности и профессиональные компетенции тренера, влияющие на раскрытие интереса, внимания, трудолюбия, мотивации, творчества и максимальных потенциальных возможностей учащих в повседневном спорте.

Однако ответы на вопросы о том, как сформировать в команде позитивное личностное отношение в процессе спортивной тренировки, как выйти из конфликтной ситуации, как достичь социально-психологического климата, способствующего достижению высоких результатов, влияющих на успешное формирование мотивации спортсменов, определены на основе количественного и качественного анализа данных, полученных в ходе организации эмпирического исследования и направлены на достижение успеха в сфере спортивной деятельности даются конкретные практические рекомендации.

Ключевые слова: личность тренера, спортсмен, психолог, тренерская деятельность, педагогическая деятельность, психологическая структура, профессиональная компетентность.

S.K. Zhantikeev¹, D.A. Zhanserikova², G.B. Kapbasova², R.A. Moldabayeva²

¹«Turan-Astana» University, Astana, Kazakhstan

² Academician E.A. Buketov Karaganda university, Karaganda, Kazakhstan

Psychological features of the coach's personality

Abstract. The article clarifies the issues of studying the psychological aspects of the interrelated actions of a coach and an athlete, i.e. personal characteristics, behavior, and pedagogical activity of the coach, the influence of the athlete's condition on the result of the sport, the psychological readiness of the athlete depending on the course of mental processes, the state of his personality, specific competition in the field of sports activity in general, guided by the principles of systematization, is methodologically justified during a comprehensive theoretical review of the works of foreign and domestic scientists in the field of social psychology.

At the same time, the influence of the psychological characteristics of the coach's personality, the correctly chosen style of interpersonal communication and interaction in the «coach-athlete» system, the abilities and professional competencies of the coach influencing the disclosure of interest, attention, diligence, motivation, creativity, and maximum potential of students in everyday sports are considered.

However, the answers to the questions about how to form a positive personal attitude in the team during sports training, how to get out of a conflict situation, and how to achieve a socio-psychological positive climate conducive to achieving high results that affect the successful formation of motivation of athletes, are determined on the basis of quantitative and qualitative analysis of data obtained during the organization of empirical research and are aimed at achieving success in the field of sports activities, specific practical recommendations are given aimed at achieving.

Keywords: personality of the coach, athlete, psychologist, coaching, pedagogical activity, psychological structure, professional competence.

References

1. Kretti Brajent Dzh. Psihologiya v sovremennom sporte [Psychology in modern sport] (Moskva: Fizkul'tura i sport, 1998, 224 s.) [Moscow: Physical culture and sport, 1998, 224 p.]. [in Russian]
2. Il'in E.P. Psihologiya sporta [Sports psychology] (Sankt-Peterburg: Piter, 2009, 352 s.) [St. Petersburg: Peter, 2009, 352 p.]. [in Russian]
3. Babushkin G.D. Psihologiya truda trenera po sportu: Ucheb. Posobie [Psychology of work of a sports coach: Proc. allowance] (Omsk: OGIFK, 1985, 85 s.). [in Russian]

4. Mel'nik E.V., Silich E.V., Kuhtova N.V. Psihologiya trenera: teoriya i praktika [Psychology of a trainer: theory and practice] (Vitebsk: VGU imeni P.M. Masherova, 2014, 55 s.) [Vitebsk: VSU named after P.M. Masherova, 2014, 55 p.]. [in Russian]
5. Gorbunov G.D. Psihopedagogika sporta [Psychopedagogy of sports] (Moskva: «Fizkul'tura i sporta», 1996, 208 s.) [Moscow: «Physical culture and sports», 1996, 208 p.]. [in Russian]
6. Frolova M.I. Social'no-psihologicheskie komponenty modeli effektivnogo trenera, Teoriya i praktika fiz. kul'tury [Socio-psychological components of the model of an effective coach, Teoriya i praktika nat. culture], 3, 11-15 (1991). [in Russian]

Сведения об авторах:

Жантйкеев С.К. – психология ғылымдарының кандидаты, «Тұран-Астана» университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры, Дүкенұлы көш., 28, Астана, Қазақстан.

Жансерикова Д.А. – **Байланыс үшін автор**, психология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің психология кафедрасының профессор ассистенті, Университет көш., 28, Қарағанды, Қазақстан.

Канбасова Г.Б. – психология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің психология кафедрасының профессор ассистенті, Университет көш., 28, Қарағанды, Қазақстан.

Молдабаева Р.А. – психология мамандығы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің психология кафедрасының аға оқытушысы, Университет көш., 28, Қарағанды, Қазақстан.

Zhantikeev S.K. – Candidate of Psychology, Professor of the department pedagogy and psychology, «Turan-Astana» University, 28 Dukenuly str., Astana, Kazakhstan.

Zhanserikova D.A. – **Corresponding author**, Candidate of Psychology, Assistant professor of the department of psychology, E.A. Buketov Karaganda University, 28 Universitetskaya str., Karaganda, Kazakhstan.

Kapbasova G.B. – Candidate of Psychology, Assistant professor of the department of psychology, E.A. Buketov Karaganda University, 28 Universitetskaya str., Karaganda, Kazakhstan.

Moldabayeva R.A. – Master of Social Sciences in Psychology, senior lecturer at the department of psychology, E.A. Buketov Karaganda University, 28 Universitetskaya str., Karaganda, Kazakhstan.